

у 2008
320к

Қобланды



Кобблангби



ББК 63.3 (5 Каз)
К 54


К 54 Қобыпанқы/Құраст. М. Ақдәулетқылы, Р. Аминова.— Ақтөбе, 2007. — 294 б.

ISBN 9965-21-337-2

Қазақ халқының ұлы қаһармандық жыры «Қобыпанқының» бұл басылымы Ақтөбе облысы Қобда ауданындағы Жиренқола ауылында осы эпостың басты қаһарманы, Алтын Орда, Ноғай ордасы дәуірлерінің ұлы тарихи тұлғасы, қазақ ұлтының талай ұрпағы үшін ерліктің, сертке беріктік пен Атажұртқа қеген сүйіспеншіліктің өнегесіне айналған қаңқты батыр Қарақыпшақ Қобыпанқыға арналған мемориалдық-туристік кешеннің ашылу салтанатына арналып отыр.

* * *

Настоящее издание великого казахского героического эпоса «Кобпанқы» посвящается торжественному открытию мемориально-туристического комплекса главного героя эпоса, крупнейшей исторической личности времен Золотой и Ногайской орд, общенациональному идеалу героизма, преданности и верности Отечеству нескольких поколений казахской нации батыру Каракыпшак Кобыпанқы в ауле Жиренқола Хобдинского района Актюбинской области.



К 05030209-05
00(05)-07

ББК 63.3 (5 Каз)

ISBN 9965-21-337-2

© Мейірхан Ақдәулетқылы, 2007
© Рауан Аминова, 2007




Қазақтың қаншама ұрпағының рухани, мәдени, қипік - саналық бесігін тербеп, ұлттық болмысын ар-намысы мен күш-жігерін, ақами, азаматтық қасиеттерін сомдауға айтып жеткізгісіз әсері, қуатты ықпалы болған аруақты ер, айтулы батыр Қарақыпшақ Қобыланды өзінің өшпес рухымен тасырлар бойы жебеп келген Атажұртына, небір қилы заман, қиын өткелектерден рухын, тілі мен қілін, қіні мен мәдениетін, текті болмысын жоғалтпай өтіп, өз мемлекетінде, ата-баба жұртында әлемнің өзге халықтарымен терезесін теңестіріп өмір сүріп отырған халқы — баяғы «тоқсан екі баулы қылшақ» деп аталып келген кеудесі асқақ халықтың тікелей ұрпағы екеніне ешкімнің дауы жоқ қазақ ұлтына қайтып орайды.

Бұрын қазақы, қасиетті өнер — сөз өнері, оның төресі өлең арқылы, сол өлеңнің айдыны асқақ түрі — қаһармандық жыр арқылы қазақ санасында мәңгілік өмір сүріп келген эпостық түлға еңгізі ұрпақтың санасына өзінің асып сүйегі жатқан сәулетті кесөе арқылы да берік орнайтын болды. Эпос кейіпкерінің шынауы, нақты түлғаға айналып, ұлт тарихына қайтып орауының мұндай көрінісі тұңғыш рет жүзеге асып отыр. Еңгізі жерде Қобыланды батыр ертегінің кейіпкеріндеу «әрі бар, әрі жоқ» күрделі арылып, мына алып та көркем, қай тұрғыдан алсаң да бау Атамекенімізді біз үшін, болашақ ұрпақтарымыз үшін қорғап, сақтап, аманат етіп қалдырып кеткен қана абыздардың, аруақты ерлердің, айтулы түлғалардың әріректегі пегінің өкіліне, тіпті, жиынтық бейнесіне, нақты қаһарманға айналып, халықпен бірге мәңгі жасау бермек.

Бұл — ұлт тарихындағы, қазақтың тарихи санасындағы теңдесі жоқ оқиға, еліміздің көркейіп, көш түзегенінің белгісі.

Көне Қобда өңірінің Жиренқона қонысында әугілі Қарақыпшақ Қобыландының асып сүйегі жатқан жерге




сәулетті мемориалдық-туристік кешеннің салынуы, Қобыланқы кесенесінің бой көтеруі — тарихи зердесін берік, алғаусыз сақтау білген ұлтымыз үшін үлкен қуаныш, бойға қуат, ойға серпін, рухқа құлшыныс берер мақтаныш.

Қобыланқы батырдың Атажұртына қайта оралуы үшін қыруар шаруа жасалып, көптеген азаматтардың еңбегі сіңді.


Бұрын атадан балаға жетіп келе жатқан аңызға ұқсас әңгіме ғана бар еді. Жұрт қазіргі Жиренқопаны Қобыланқы батырдың мекені деп санап келді. Аруақты ер Қобыланқы осындағы Жиренкөлге ат суарғанын көп үстінде күні бұзінге дейін көшіп жүретін «Құртқаның бұлты» барын, тіпті, сол маңдағы обалардың бірінде Құртқаның алтын асасы, Көкіпән кемпірдің жұғі жатқанын, сол өңірдегі алып тастың «Қобыланқының қайрағы» деп атапатының осы әсем өлке Қобыланқының қонысы екенін осы өңір халқының жатқа білетіні де, жырдың Нұрпейіс Бауғанин жырпаған нұсқасында мұның айқын баяндалатыны да өз алдына, батыр кесенесінің қай тұста тұрғанын көзімен көрген тарихшылар да бар. Тіпті, күні кешеге дейін осы қоныс Қобыланқы есімімен аталып, осында Қобыланқы атындағы мектеп те болған...


Осыдан екі жыл бұрын қолға алынған іс енді аяқталды. Әуелі кезінде Ноэль Шаяхметов қазып әкеткен батырдың сүйегі табылып, зылыми тұрғыда қалпына келтіріліп, өз орнына жерленіп, басына белгі қойылды. Одан соң Алматы, Мәскеу ғалымдары әуелі Герасимов зертханасында батырдың бет пішінін қалпына келтірді. Тарихшылар, жазушылар, өзге ғалымдар тындырған қыруар іс туралы әңгіменің еншісі бөлек.

Сөйтіп, Қобыланқы батыр эпостан қайтып оралды. Ал оқыған, тыңдаған қазақ ұл-қызын ерекше аруақтандыратын ұлы жыр бұдан әрі де халықпен бірге жасай берері анық.



Қобыланды






Кешегі өткен заманда,
Қарақыпшақ Қобыланқы,
Атасы мұның Тоқтарбай
Халықтан асқан болды бай.
Байлығында есеп жоқ,
Айдапып бағып, жайыпқы,
Төрт түлік малдың бәрі сай,
Жаз жайпауы жайпаған
Қалың Қыпшақ жағалай.
Тоқтарбайдың дәулеті,
Ішкені мас, жеген тоқ,
Бай-кедейдің көңілі жай.
Қыс қыстауы Қараспан,
Қараспан көкке тапасқан.
Ат үйірінен ақасқан,
Қалың қыпшақ тізіліп,
Қасына қоныс жарасқан.
Әліп таңба Қыпшақтың,
Атағы озған апаштан.
Сексенге жас келгенше
Бір бала көрмей Тоқтарбай,
Қайғыменен қан жұтып,
Ақыпынан ақасқан.
Шөп иесі сұңқар қияқсыз,
«Еш нәрсе көрмей құниеден,
Өткенім, — деген, — тұяқсыз»
Тоқтарбайдың зарына
Қалың Қыпшақ қайысқан.
Әулие қоймай қыдырып,
Етегін шеңгел сыдырып,
Жеті пірге танысқан.
Әулиеге ат айтып,
Қорасанға қой айтып,
Қабыл болған тілегі,
Жарылғандай жүрегі,
Аналықтай бәубіше




Қабырғасы мауысқан.
Елуге жасы келгенде,
Көзімді ашпау құниеден
Өтемін бе дегенде,
Сонда көрген арыстан.
Бір ұл, бір қыз атадан,
Қыздың аты — Қарлығаш,
Қобыландыға қарыңдас.
Алты жасқа келгенде
Арыстан туған Қобыланды —
Қазнадан қамқа киеді,
Өзімнің еншім болсын деп,
Тобылғы меңді торы атты
Енші қылып мінеді.
Қобыландының тілегін
Бүкіп Қыпшақ тіледі.
Қайыры көп халқына,
Енді түсіп салтына,
Таулар құйып, тас жанған.
Алты жасты бапаның
Елбеңдеген зарпына,*
Өзі алты жасында,
Кәмшат бөркі басында,
Тобылғы торы ат астында,
Қаршығасы қопында,
Таазысы ерткен соңында,
Жеті пірге сиынып,
Баратұғын жопында,
Тоқтарбайдың жыпқыда,
Тоқсан құлы бар еді
Тоқсанының бастығы
Естеміс деген ер еді.
Естемісті көруге
Жыпқыға бапа жөнелді.
Жыпқыға бапа барған соң,
Баурап малын алған соң,
Тоқсан құл мен Естеміс,
Риза тауып қалған соң,
Қолғанат пен құрыққа
Енді Тоқтар көңелді.
Қобыландыны барған соң,
Естеміс ерің баулыды.
Күнде киік аулайды,
Кездессе жауын жаулайды.
Жыпқыда жатып Қобыланды



Екпіні отмай қаулайды,
Қаршығасы қолында,
Құмай тазы соңында,
Көрсө киік аулайды.
Естеміспен екеуі
Қонып жатса бір тауда,
Намазшамнан өткенде,
Құтпан мезгіп жеткенде,
Құлағына батырдың,
Бір қауыс кеп шұлайды.
Ту сыртынан сол таудың
Бұрқыраған бу шықты,
Шуылдаған шу шықты.
«Бұл не қылған қауыс?» — деп
Естемістен сұрайды.
Айтпасына қоймайды,
Сонда Естеміс сөйледі,
Сөйлегенде бұл деді:
«Арғы астында бұл таудың
Қызылбастың елі бар,
Жасып байтақ жері бар,
Айдыңды шапқар көлі бар,
Көктім аймақ ханы бар,
Неше мың сан жылқы бар,
Қанша жиган халқына
Көрсетіп тұрған сәні бар.
Құртқа қеген қызы бар,
Жұртына жайған назы бар,
Ай астына аспанға.
Құрқы бақан қақтырып,
Алтын теңге аттырып,
Теңгені атып түсірген
Құртқаны сұлу сол апар,
Соның қаусы бұл қауыс,
Көптен шыққан бұл хабар,
Көңілің ауып, шырағым,
Бұған болма ынтызар,
Шарға сапып басыңды,
Бопа көрме сен құмар».
Қанша айтса да Естеміс
Барғысы келіп баланың,
«Түсірем — деп — атып қал,
Кәміп пірлер болса жар».
Естеміс тағы сөйледі:
«Қой, шырағым, жассың гоу,



Қабырған сәнің қатқан жоқ,
Омыртқан өсіп жеткен жоқ,
Жіберуге қорқамын,
Тілімді алсаң, рұқсат жоқ,
Барғанмен кезек келмес-ті,
Баланы көзге ілмес-ті,
Бағып жатқан Құртқаны,
Қырық бес кез Қызып ер,
Шырағым, тектен бермес-ті».
Отырып бұлар кеңесті.
Мінген аты ала еді,
Қыпшық жұңді қара еді,
Тоқтау сапқы Естеміс,
Жібергісі келмей баланы.
«Батаңды бер, көке», — деп,
Алқын-артын орады.
Жақ қыпамың Естеке,
Жеті кәміп бабаны.
Барғысы келіп батырдың
Тоқтамайды табаны.
Естемістей еріңнің
Таусыпғасын амалы
Батасын беріп қол жайып,
Жақ қыпады құрғаны,*
Үстіңе сауым кигізді,
Жанына байлап болатты,
Беліңе садақ ілгізді.
Тапсырдым деп жапғызға
Амандасып жүргізді.
Жүрегі таймай баланың
Ерлігін кәміп білгізді.
Тобылғы меңді торы атпен,
Дөңгелетіп жөнелді,
Атып жатқан жеріңе
Іркілместен келді.
Келгендігін баланың
Көктім аймақ көреді.
Айбатынан сескөніп,
Баланы келген сынады.
Қобыланқыдай төрені:
«Қазақтың ері келді», — деп,
Көктім аймақ патшасы
Кезекті бұған берді.
Қолына алып толғанып,
Қозы жауырын жебені



Ат үстінен шірөніп,
Сонда тұрып тартады.
Кәміп пірлер сөзгені,
Құруғы бақан басында
Екі бөліп ұшырды
Ау астында теңгені.
Құртқа көріп батырды
Шашу шашып басына,
Бұрапып келді қасына.
Нұрына тойып төнгені,
Көзі көрмеу өңгені,
Іздеген теңім келді деп,
Патшаға сапып жеңгені.
Айтқан серттөн қайта алмай,
Отыз күн ұдай ойын қып,
Қырық күн ұдай тойын қып,
Көктім аймақ атасы
Қыз Құртқаны бергені.
Жұртын жиып той қылып,
Аққа белін шешіпті,
Пайғамбар құда несіпті,
Құртқа сынды сұлуды
Қобыпанқыдай батырға
Берейін деп жатқанын
Қырық бес кез Қызып ер
Хабарын мұның есіпті.
«Меніменен күресіп,
Жықса апар», — десіпті.
«Аты-тонын олжалап,
Аман қайтса жарар», — деп,
Өзіңше желдеу есіпті.
Бетіңе жан қаратпай,
Көңілі әбден өсіпті.
Бұл сөзді естіп Қобыпан:
«Артымда жау қапдырман,
Берсе — деп, — құдай несіпті».
Мініп алып атына
Қызып ерге келеді,
Келіп те сөйлеу береді:
«Қобыпанқы келді, шықсын», — деп,
Дауыстап хабар береді.
Шықпағасын Қызып ер
Жүзіріп үйге өңеді.
Төсекте жатып Қызып ер
Қобыпанқыны көреді.




«Аяғыммен күрес», — деп,
Бір аяғын береңі.
Аппыс құлаш ала арқан
Қызып ердің ілулі
Босағаға тұр еңі.
Іліп алып аяққа.
Мініп алып торы атқа.
Дүрілдетіп жөнелді.
Қызып ерді сұретті,
Сұреткі қылып үретті.
Ішінде шеңгел тікенге
Өкпе-бауырын тңүретті.
Тақымға салып сұретіп,
Қабырғасын күретті.
Менсінбеген дұшпанқы
Ақып тауып үретті.
Көкпары қылып дұшпанын,
Тау мен тасты күңіретті.
Қорлықпенен өлсін деп,
Қызып ерді еңіретті.
Тасқа соғып боршапап,
Көздерінен жан кетті.
Домапанқы жерге бас.
Қобыланқы сынқы жас бапа
Істі орнына келтіріп,
Құртқаға келіп сөйлеңі
Көңілі ердің желпініп.
«Сұлтаным не қылды екен», — деп.
Құртқа сұлу жүзіріп,
Алдынан шыққан еңтігіп,
Көктімге хабар береңі.
Дұшпанынан құтылып,
Көңілдері жайланқы.
Жөнелтуге Құртқаны
Көктім аймақ ойланқы.
Алтынмен ішін безеген,
Сырты күміс ақ отау
Келістіріп тңзеген,
Арттыруға сайланқы
Қырық тңіе қазына,
Қырық құл мен қырық күң
Қосып берді қызына.
Ел-жұртымен қоштасқан
Құртқа сынқы сұлудың
Жұрт таң қалқы назына,



Сөйлеген сөз базына.
Көктім аймақ нұр есіп,
Ертеңгі Шолпан бәтқанға,
Сарғайып таң атқанға,
Жөнептуге Құртқаны
Жүзін артып жатқанға
Қобыланды бапа келеді,
Көктімге сәлем береді:
«Еншісін бөліп Құртқаға,
Бәрін де беріп жатырсың,
Бергенің маған не?» — дейді.
Көктім аймақ атасы:
«Шырағым, бапам, кел! — дейді, —
Бергенім саған біп, — дейді, —
Төбеңде тұрған төрт бұлт.
Еншің, бапам, сол, — дейді.
Жаз болса, шығар күн жақтан,
Қыс болса, шығар жел жақтан,
Жау келсе, түсер жау жақтан,
Шырағым, бапам, сен, — дейді. —
Тапсырдым сені соған, — деп. —
Енді атыңа мін», — дейді.
Атасымен қоштасып,
Құртқаны алып ұзатып,
Елге қарай жөнепді.
Кәміп пірлер жеберді.
Ісі жөнге келеді,
Мінген аты апа еді,
Қылшық жүнді қара еді,
Қобыландыдай батырын
Көшті тартып барады.
Бірнеше күн жол жүріп,
Өткен күнді санады.
Бір күндері болғанда
Қара жолдың үстінен
Қалың жыпқы жарылып,
Екі жақта қапады.
Құртқа сынды сұлуың
Күмезден басын шығарып,
Жыпқыға көзін сапады.
Ортасында жыпқының
Көк апа бие жусап тұр,
Құртқаның көзі шапады.
Тоқтатып қойып күмесін,
Ағытып тастап күмесін,




Шақырып алып, сұлтан, деп,
Қобыландыдай бапаны,
Биені көріп сынады.
«Мынау жатқан көп жыпқы
Кімдікі? — деп сұрады, —
Сонау тұрған биені
Мені берсең де алғын», — деп
Батырға әмір қылады.
Батыр Қобыланды күледі,
Әзіп айтып іледі:
«Басымды оққа байпаған
Сені берсем, қыз Құртқа,
Бір елдің малын апармын», — деп,
Езу тартып күледі.
«Осы жатқан көп жыпқы
Немере туған ағамыз
Сәлімбау байдың жыпқысы.
Жанындау мені көреді,
Не сұрасам береді».
Тағы Құртқа сөйледі,
Сөйлегенде бұл дейді:
«Құпақ салып сөзіме
Бері таман кел, — дейді,
Тобылғы меңді торы атың
Жауға мініп шабуға
Жарамайды бұл, — дейді.
Жан серік атың, сұлтаным,
Көк апа бие ішінде,
Көк бұрып құлын бар,
Жан серік атың сол, — дейді.
Бұл сөзімді біл, — дейді.
Құртқаның сөзін сынарсың,
Жыпқысы болса ағаңның,
Апа гөр бірақ сен», — дейді.
Құртқаның сөзін естіп,
Қондырып көшін сол жерге,
Енді атына мінеді.
Ойпау жерден орғытып,
Тегіс жерден сырғытып,
Аяңдамай желеді,
Сәлімбау байдың тоқсан құл,
Қара Көжек бастығы,
Сәлем беріп келеді.
Келіп сөйлеу береді:
«Асқар төбе белсің, — деп,



Қатар көшкен елсің,— деп,
Ағамызға сәлем де,
Келінін алып келемін,
Көрімдігін берсін де,
Келінін келіп көрсін де,
Қырық нарға артқан қазына
Бәрін де келіп апсын де,
Бұл сөзіме нансын де,
Көрімдігі Құртқаның
Көк апа бие жылқыда
Інім десе берсін де,
Бұл сөзіме сенсін де».
Қара Көжек ап сонда,
Батырдың сөзін есітіп,
Елге шапты жосылтып,
Бұрқыратып мозаңын,
Желге қарсы есіптіп,
Жылқыға жау тигендеу
Елдің шетін шошытып,
Байға жетіп келеді,
Қара апа атты көсіптіп
Келіп сөйлеуі береді:
«Қобыланды батыр жіберді,
Ағама құдай сәлем деп,
Келінін алып келемін,
Қырық нарға артқан қазына
Бәрін де соған беремін.
Көрімдігін берсін деп,
Келінін келіп көрсін деп,
Бұл сөзіме сенсін деп,
Көрімдігі Құртқаның
Көк апа бие жылқыда,
Інім десе берсін деп,
Қобыланды мені жіберді,
Береді деп биені
Үзбеуі отыр күдерді».
Көжектің сөзін есітіп,
Сәлімбау бай сөйледі:
«Бұл жібердім қалаға,
Бұзау, баспақ, танаға,
Арнап едім бапаға,
Бір тайдың несібін сұрайды
Әкете бермеуі қалаға.
Бір тай тұлғи Қобыланнан,
Жалғыз жаным сағаға,



Қалағанымды алдым деп,
Мақтанып барсын алдына
Тоқтар сынқы ағаға».
Баудың сөзін есімін,
Қара апа атты көсіпмін,
Қайта шапты балаға.
«Қалағаныңды бергі», — деп
Шыбын жанын құрбан қыл,
Қара Көжек араға.
Баладан болып сағаға
Үстап беріп биені,
Жақ қыпады иені.
Қарны жерге тиеді,
Құртқа сұлу құмекен
Қарғып түсіп биені
Маңдайынан сүеді,
Көшіңе тіркеп жөңіргі
Көк апа бие шұрқырап,
Емшегі бұлақ иеді.
Ауы-күні жетіп тұр,
Тууы тұлпар қиын боп
Жүруге халі бітіп тұр,
Ішінде тұлпар тұлпайды,
Биенің тынысы бітіп тұр,
Қасына арам жолатпай,
Құртқа жапғыз күтіп тұр.
Көк апа бие рөңбекшіп,
Домаланып сұлады.
«Тұңшығып тұлпар қалар», — деп,
Құртқаның жаны шығады.
Тоңын жарып тұлпардың
Құлыңға тыныс қылады.
Сонда жатып құлыңдап,
Бұрып тұлпар туды.
Тұяғын жерге тигізбей
Үстіндегі шешініп,
Құртқа сынқы сұлуың,
Алтын тонға орады.
Аузын үріп сыпырып,
Маңдайынан үіскеп,
Шүкір ғып хаққа тұрады.
Аршын басты бұрыпы,
Қабырғадан қанаты,
Сұлтанымның жан аты.
Күн түсірмей көзіңе,



Жеп тигізбей өзіңе,
Үстіңе шатыр тіккізді.
Құртқа сынқы сұлуың
Айтса сөзін өткізді.
Көп нөкерін жүзіртпін,
Не керезін жеткізді.
Үйір болып сол жерде,
Қырық күнге шейін Бурылға
Құлықтың* сүтін емізді.
Және қырық күн біткенше,
Қысырдың сүтін емізді.
Сексен күні біткесін,
Тоқсан күні жеткесін,
Арымасың, тапмасын деп,
Маңқа, қопқа* болмасын деп,
Жеміңе қосып қыз Құртқа,
Қызып дәрі жегізді.
Бурылға қыз Құртқа
Түңдікпен күн берді,
Түтікпен су берді,
Дәрілеген жем берді.
Құртқа сынқы сұлуың
«Отауды жығып, тігіс», — деп,
Қобыландыға дем берді.
Алтыннан жабу оюлап,
Бурылға қыз Құртқа
Құлағын тігіп қиюлап,
Бапағына түсірді.
Елі түсіп есіңе,
Дүйсенбі күні бесінде,
Отауды жығып көшірді.
Бурыпын құнрақтап,
Биені тіркеп көшіңе,
Асқар төбе бел еді,
Белден көшкен ел еді,
Көшті тартып келеді.
Бірнеше күн қезгенде
Тоқтарбайдың жанына
Отауды әкеп тігеді.

Әлқисса, Қобыланды батыр әкесі
Тоқтарбайдың жанына отауды
тігіп жатып, әкесіне келіп:
— Мен кеткелі жыпқыдан біраз
айпар болды. Сонан бері тоқсан



құл мен малдан хабар бар ма?
— деп сұрады.
— Жоқ, шырағым, құлдан да,
малдан да хабар жоқ. — деді.
Құзған шайқан ішпей, ашытқан
балқан ішіп, «Мен малдың
хабарын біліп келемін», — деп,
жүріп кетті.

Базарда бар ақ бата,
Ойнақтауқы жас бота,
Бұл сөзімде жоқ қата,
Әкесімен сөйлесіп,
Атқа мінді құн бата.
Отарда жатқан жыпқының
Қарасын көрді таң ата.
Барса малы аман-қы,
Құлдар көріп қуанды,
Қобыланды батыр келгесін
Көтеріп қолға ту алды,
Сұдай тасып жұбанды,
Қыдыр қарып, бақ қонған
Келгеннен соң Қобыланды.
Бөтен сөзді қоялық,
Не қылып жатыр қыз Құртқа,
Енді содан сөз қозғап,
Ақ қағазды боялық,
Естеміске қосылып,
Ит жүгіртіп, құс сапып,
Қобыландыдай батырың
Жата берсін бапалық
Аз ба, көп пе жатқаны
Қобыландының қаралық.
Құртқаның баққан Бұрылы
Жасқа толып, тау шықты,
Жалтырап маңдай ау шықты.
Таудан құнан бұл шықты,
Тасқа тиген тұяғы
Кемірдей оып жаншыпты.
Құнаннан шығып дөнәнді,
Құл көрмеген көбәнді,
Жуандар мойны өссін деп,
Бір бақтапқа жіберді.
Бестісінде құретті.
Жібек арқан құлаштап,



Таралып мойны өссін деп,
Ұзын байлап сүретті.
Алты жасқа ақтатты,
Өзіңе өлшеп Бурылдың
Алтыннан тұрман қақтатты.
Ат бопат деп батырға
Бурылын мақтатты.
Құртқа сұлу батырға
Қарағай найза саптамты.
Алмас қылыш соқтырып,
Құмістен қынын шақтамты.
Бурылының қыз Құртқа
Кекінің жалын тарайды.
Күніне неше қарайды,
Сапқырып оған сарайды,
Баласынқай жеберді.
Күніне неше баулыды,
Атқа қылған еңбегі
Күннен күнге көбейді.
Алты жасқа толғанша
Қобыландыдай батырдың
Үйге, сірә, келмеді,
Бар еді Құртқам демеді.

Әлкисса, сол кезде
Қызылбастың елінен Қазан
деген ер шығып, Ноғайлының
жерін, Қырлы қала, Сырлы қапа
деген екі қаласын тартып
алды. Қырлы қалаға бектерін,
Сырлы қалаға жеңдеттерін
жатқызып, жатып алды дейді.


Қызылбастың елінен
Қазан деген ер шықты.
Жөн білмеген шер шықты.
Ноғайлының көп елін
Олжалап шауып жаншыпты.
Бағынбаған ақамын
Қырып, жойып таусыпты.
Жерің малын олжалап,
Қатарынан асыпты,
Мал-жанына қарамай
Ноғайлы елі қашыпты.
Олжалап жанын басыпты,



Ногайлының көп елін
Қаратабан қесіпті,
Қырлы қапа, Сырлы қапасын
Тартып алып ер Қазан
Гүрілдеп сұрай тасыпты.
Сырлы қапа деуітін қапасы
Қорғансыз сырты ашық-ты,
Қырлы қапа деуітін қапаға
Атарман да шабарман,
Бектері басын қосыпты.
Қырлы қапа маңынан
Жау жүре алмас қесіпті,
Көңілі сондай өсіпті.
Қызылбастың ағасы,
Қырлы қапа шаһарының
Бір жағы суың жағасы,
Апты қабат ор қазып,
Тереңдігін моп қазып,
Бекіткенін қарашы.
Қырық жерден құдырып,
Болаттан соғып қақпаны
Аптыс батыр жапқаны
Жер жүзіне жауыпқы,
Ногайлының көп елін
Шауып алып жатқаны.

Әлқисса, Қазанның бұл хабарын
төменгі қырық мың үлі
Қиятқа Сейіптің баласы
Қараман батыр естіп, аттың
жапын тартып, атадан ер
болып туғасың Ногайлының
жеріне қызылбастарды
қондырып қоюымыз сүйекке
таңба емес пе деп, елінен
аттанып шықты.

Қырық мың үлі Қияттан
Қырық мың әскер қол алып,
Ақ қара бас ту алып,
Қызылбасқа жол алып,
Көшірем деп Қазанды
Бұл да күшті моп алып,
Боз ат шапып құдайға,
Жұртын жиып қуанып,




Қияттан шыққан бес батыр
Қарақозы, Аққозы —
Қатардан асқан қос батыр,
Қаражан ұлы Қосқәулет —
Топты бұзған бұл батыр
Қара Боқан жауырыншы
Түнде қалың жол тартар,
Ғайыптан болжап сөз айтар.
Қарамандау батырдың
Қабағына қар қатты,
Кірпігіне мұз қатты,
Қазанның естіп хабарын
Үйқы көрмей түн қатты,
Нозайпыны алды деп,
Сүйекке таңба сапқы деп,
Өлеуін қесе жан тәтті,
Кіреуін қесе, жер қатты,
Қырық мың әскер қол алып,
Қайырын сұрап сапардың
Қызылбасқа жол тартты
Қостанып шыққан қосынға
Қараман батыр толғапты:
— Тілімді алсаң, азамат,
Жаппарға жан аманат,
Қараспан тауын жайпаған
Қалың Қыпшақ елі бар,
Қобыланды деген ері бар,
Дуа тиген керемет,
Атағы жұртқа мәлім еді,
Баса жүріп қонысың
Барса ертіп алайық,
Ермесе бата сұрайық,
Жақсыдан тиер шарапат!
Жасы құрқас менімен,
Мұңы мұңдас менімен,
Жыпы жыпдас менімен,
Мақұл көрсең әлеумет,
Сөз айтамын шынымен,
Жүреуік соның жолымен!»
Ақылдасып көп Қият,
Мақұлдасып сонымен,
Баса жүрді жолымен.
Қараспан таудың етегіне
Келіп қонған Қараман
Ауыр әскер қолымен,



Көп әскерді көргесін,
Жай емесін білгесін,
Қобыландыдай батырың
Енді атына мініңді.
Жақындап қарсы келеңді,
Естемісті жіберіп,
Кім екенін білеңді.
Естеміс барып қосынға
Достығына сеңеңді.
Батырға атой* береңді,
Қобыланды да келеңді.
Қараманмен көрісіп,
Амандық сұрап білісіп,
«Жоп болсың, құрқас», —
дегенге,
Қараман құрқас не деңді:

Әлқисса, Қараман батырдың
Қазанқы алуға бара
жатқандығын айтқан жері:

«Мен Сөйпдің ұлы Қараман,
Қазанға кетіп барамын.
Жұрмеуісің, құрқасым,
Қоп ағалық қыпамын*».
Замандасым, мұңдасым,
Заманың бірге сырпасым,
Жылың бірге жылдасым,
Жасың бірге құрқасым,
Қазанның алған шаһарына
Сапар тартып жоп шектім.
Жұрмеуісің, жолбарысым?
Қобыланды сынқы батырым,
Жасыңнан артық ақыпың,
Жұлқызың туған жоғары
Білемін, Қобыланды, қанасың!
Дүге тиген ер еңің,
Кезіңе келген құшпанның,
Білемін, Қобыланды, оңбасың!
Осы қылған сапарға
Кетемін ертіп сені деп,
Әдеуі келдім, жолбарысым!»
Сонда Қобыланды сөйлеңді,
Әзіл айттып ілеңді.



Езу тартып күйеңі:
«Мінетін атым қолыңда,
Барар-бармас жопымды
Хабар сапып алауын
Үйдегі Құртқам білеңі.
Алты жып болды баққапы,
Түңдікпенен күн беріп,
Түтікпенен су беріп,
Бағымды бастан алмасын.
Алды-артымды шапмасын,
Қияметтік жопқасым,
Жан серік атым қолыңда,
Үйдегі Құртқам білеңі.
Менің де барар-бармасым».
Бұл сөзді айтып Қобыпанқы
Шатырға қайтып келеңі,
Келіп сөйлеу береңі:
«Мынау келген көп қосын
Сеуілдің ұлы Қараман
Қазанға қылған жол, — деңі.
Алып келгін Бурылқы,
Жүр деп отыр бұл — деуіңі.
Барамын бірге мен», — деуіңі.
Базарға бар ақ бата,
Ойнақтауқы жас бата,
Бұл сөзімде жоқ қата,
Қобыпанқының жанынан
Естеміс шыққан ел жата.
Тоқтарбайдың жанында
Құртқа тіккен отауға
Естеміс келді таң ата.
Таң сарғайып атқанда,
Шоппан жүлқыз батқанда,
Ақ отаудың ішінде
Құртқажан ұйқтап жатқанда.
Естеміс келіп сөз қатты,
Күн шыққан жоқ, таң атты,
Дауыстап тұстан сөйлеңі:
«Үйдемісің қыз Құртқа,
Түздемісің қыз Құртқа,
Әйел болдың амап жоқ,
Егер еркек болғанда,
Болар ең жұртқа бір тұтқа.
Мінген атым қызып-қы,
Іс тағдырға сызылды.



Жоп қылмаққа құшпанға
Батырдың көңілі бұзылды.
Мінуге керек қазанат,
Беліңе керек шар болат,
Дөңгее керек жапаңқат*,
Жаппарға жан аманат,
Жапғыз емес Қобыпанқы,
Қияттан шықты қолқанат,
Батырың мініп шабуға,
Асып тугаң Құртқажан
Жарамай ма, жарау ма
Апты жып баққан Бурып ат?»
Сонда сұлу қыз Құртқа
Қыпаң етіп, қылт етіп,
Сыпаң етіп, сылт етіп,
Шекере шоғы бұлт етіп,
Аптынды тоны жылт етіп,
Саулы інгендеу ыңқырлап,
Күшігендеу сыңқырлап,
Сүмбіледен жылтырлап,
Буыны түсіп былқырлап,
Аптын қаппақ қулыға,
Шекесінде жарқырлап,
Мақпап төсек мамықтан,
Аптын иек, ақ тамақ,
Көтеріп басын сөйледі,
Естеміс құлға былқырлап:
«Екі саулық, бір қозы
Берер едім қырқарға.
Дүниедегі адамзат
Жан тоя ма іңкәрға?
Жұмсады ма сіздерді
Үйдегі бурып түлпарға?
Дүгәй сәлем дегейсің,
Тұлпарына жұмсаған,
Жұрт иесі сұңқарға,
Және де сәлем дегейсің
Қарамандай құрқасқа,
Заманы бірге сырласқа,
Жыпы бірге жылдасқа,
Жауы бірге мұңдасқа.
Аптың күні топмай тұр,
Зор сапмасын жолбарысқа.
Мінемін көшке көк қасқа,
Сапамын қамшы жамбасқа.